



Sultangazin University

ÓMIRZAQ SULTANĠAZIN ATYNDAĠY
QOSTANAI MEMLEKETTİK PEDAGOGİKALYQ ÝNİVERSİTETİ
QOSTANAI OBLYSY ÁKİMDİGİNİŇ BİLİM BASQARMASY
QOSTANAI q. «PEDAGOGİKALYQ SHEBERLIK ORTALYĠY» FİLİALY



ÓMIRZAQ SULTANĠAZIN ATYNDAĠY
QOSTANAI MEMLEKETTİK PEDAGOGİKALYQ ÝNİVERSİTETİNİŇ
80 JYLDYĠYNA ARNALĠAN ALTYN SARIN OQÝLARY
«Bilim berý praktikasy sapasyn
joġarylatýdyň ózekti máseleleri»
atty halyqaralyq ġylymı-praktikalyq konferensiasynyň

MATERIALDARY

II KITAP



II КНИГА

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ К 80 ЛЕТИЮ
КОСТАНАЙСКОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО ПЕДАГОГИЧЕСКОГО УНИВЕРСИТЕТА
ИМЕНИ УМИРЗАКА СУЛТАНГАЗИНА

«Актуальные проблемы повышения
качества образовательной практики»

Qostanaı q., 2019 j.
г.Костанай 2019 г.

ӘОЖ 37.0 (063)

КБЖ 74.00

Б 94

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ
РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ**

- **Әбіл Еркін Аманжолұлы**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің ректоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор;
- **Медетов Нурлан Амирович**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің ғылыми жұмыс және стратегиялық даму жөніндегі проректоры, физика-математикалық ғылымдар докторы;
- **Мусабекова Гульвира Айдархановна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің академиялық жұмыс және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Ахметов Тлеген Альмуханович**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті ректорының кеңесшісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;
- **Бережнова Елена Викторовна**, педагогика ғылымдарының докторы, Мәскеу мемлекеттік халық аралық қатынастар институтының профессоры (Ресей, Москва қ.);
- **Бектурганова Римма Чингисовна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті ректорының кеңесшісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;
- **Оспанов Серикбай**, филология ғылымдарының кандидаты, Ы.Алтынсарин орталығының маманы;
- **Айнализева Назгуль Аманжоловна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің психологиялық-педагогикалық факультетінің деканы, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Утегенова Бибигуль Мазановна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент;
- **Мнайдарова Светлана Сейтжановна** Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Калиев Дастан Дуйсенұлы** Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистры.

Б 94 БІЛІМ БЕРУ ПРАКТИКАСЫ САПАСЫН ЖОҒАРЫЛАТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ =АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ПРАКТИКИ. – Қостанай, 2019. - 370 б.

ISBN 978-601-7934-67-5

«Білім беру практикасының сапасын жоғарылатудың өзекті мәселелері» тақырыбындағы Алтынсарин оқуларының Халықаралық ғылыми - практикалық конференция материалдары осы жинаққа енгізілген.

Мақала авторлары: жоғары оқу орындары және колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен ғылыми-ізденушілер білім беру үрдісінің сапасын жоғарылату және білім беруді жаңғырту мәселелері бойынша халықаралық кәсіби қауымдастықтың өзекті мәселелерін талқылауға алған.

Аталған жинақ жоғары оқу орындары және колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен ғылыми-ізденушілерге арналаған.

В сборник включены материалы Международной научно-практической конференции «Алтынсаринские чтения «Актуальные проблемы повышения качества образовательной практики».

Авторы статей: преподаватели вузов и колледжей, учителя школ и научные сотрудники обсудили актуальные проблемы повышения качества образовательного процесса, модернизации образования.

Настоящий сборник предназначен для преподавателей вузов и колледжей, учителей школ, научных сотрудников.

ӘОЖ 37.0 (063)

КБЖ 74.00

ISBN 978-601-7934-67-5

©Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті, 2019

©Костанайский государственный педагогический университет имени У.Султангазина, 2019

қарапайым етіп қана қоймай, сонымен қатар математиканың маңызды идеяларын жеңіл игеруді мүмкін етеді.

EXCEL процессорының құрамында теңдеуді жуықтап шешуге мүмкіндік беретін құрастылған құрылғылар (параметр таңдау, шешім іздеу) бар. Бірақ бұл мүмкіндіктерді тиімді пайдалану математикалық білімге негізделуі керек – құрастырма «параметр таңдау» теңдеудің алғашқы жуық мәнге ең жақын бір түбірін табатын болғандықтан, теңдеудің түбірін шектей білу қажет. Құрастырма «шешім іздеу» теңдеулер жүйесін, математикалық бағдарлау есептерін шешуге мүмкіндік береді. Бірақ онда бір ғана шешім табылады (яғни анықталмаған жүйеде шексіз көп шешімдерінің барлығын табу мүмкін емес).

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Кудрявцев Л.Д. Современная математика и ее преподавание – М.:Наука, 1985, 176 с.
2. Коротченкова А.А. Межпредметные связи математики и информатики при подготовке специалистов экономического профиля. – Орел, 2000. -16 с.
3. Климова Н.А. Установление межпредметных связей между математикой и экономическими дисциплинами методом главных компонент. – Н.Новгород, 2004. - 167 с.

ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ БАҒАЛАУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Бикенова Шынар Хамитовна,
Жаманова Гульнар Курманғалиевна,
Кошанова Гулнур Бейсенбековна,
тарих пәнінің мұғалімдері
Ш.Уәлиханов атындағы
№1 жалпы орта білім беретін мектебі.
Арқалық қаласы.

Аннотация

Жаңартылған білім беру бағдарламасының негізгі міндеттерінің бірі оқу мақсатына жету үшін критериалды бағалау жүйесін енгізу. Критериалды бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі алдын - ала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығының көмегімен өлшенеді. Бұл бағалау түрі оқушылардың үлгерімі сыныптастарының үлгерімімен салыстырмалы түрде бағаланатын нормаға негізделген бағалаудан ерекшелінеді.

Аннотация

Одной из основных задач обновленной образовательной программы является внедрение системы критериального оценивания для достижения цели обучения. При критериальном оценивании успеваемость учащихся измеряется с помощью конкретной совокупности заранее установленных критериев. Данная форма оценивания отличается от оценки успеваемости учащихся, основанной на нормах, которые сравнительно оцениваются с успеваемостью классов.

Abstract

One of the main objectives of the updated educational program is the introduction of a system of criteria-based assessment to achieve the goal of learning. In criteria-based assessment, student performance is measured using a specific set of predefined criteria. This form of assessment differs from the assessment of student performance based on norms that are comparatively assessed with the performance of classes.

Кілт сөздер: жаңашыл, әдістер, критерий, дескриптор, спецификация, бағалау, сараптау.

Ключевые слова: инновационный, методы, критерий, дескриптор, спецификация, оценка, анализ.

Keywords: innovative, methods, criterion, handle, specification, assessment, analysis.

Әлемнің жетекші елдерінің көпшілігі білім беру жүйесін, білім берудің мақсатын, мазмұны мен технологияларын оның нәтижесіне қарап бағалайтын болды. Білім берудің қазіргі негізгі мақсаты білім алып, білік пен дағды, іскерлікке қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде дербес, әлеуметтік және кәсіби біліктілікке – ақпаратты өзі іздеп табу, талдау және ұтымды пайдалану, жылдам қарқынмен өзгеріп жатқан бүгінгі дүниеде лайықты өмір сүру және жұмыс істеу болып табылады.

Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру тұлғаның интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және де басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие процесін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Қазіргі педагогика жаңалықтарын пән ерекшелігіне қарай қолдана білу - оқыту мақсатына жетудің бірден - бір жолы. Осы жолда педагогикалық технология оқыту мақсатына жетудің тиімді, нақты жолдарын көрсетеді. Оқытудың жаңа технологиясы іс-әрекеттің жоспарланған нәтижесіне жетудің шартты тәсілі ретінде қарастырылатын жаңа әдістердің жиынтығынан тұрады. Оның дәстүрлі оқыту технологиясынан ерекшелігі мынада:

- білім алушы тұлғаның интеллектуалды дамуы аз уақыт ішінде қабылдау дәрежесінің жоғары мөлшеріне жетуіне бағытталғандығы;
- білім алушы мен мұғалімнің белсенділігінің сәйкес болуы;
- мұғалім мен білім алушының өзара қарым - қатынасында жауапкершіліктің міндеттілігі.

Педагогикалық технологияны — оқыту үрдісін түгелдей қолдану және бағалау, сол сияқты, білімді адамдар мен техника ресурстарын ескеру арқылы білімді игеру, және осы жолда тиімді түріне жету үшін оларды жоспарлаудың жүйелі әдісі ретінде қарастыруға болады.

Жаһандану заманында жас ұрпақтың жаңаша ойлау қабілетін, белсенділігін арттыру, білімге деген құштарлығын ояту, өмірінде оны қолдана білу, отансүйгіштік қасиетін одан әрі дамытуға бағыттау – ұстаздардың басты міндеті. [1]

Жаңартылған білім беру бағдарламасының дәстүрлі бағдарламадан ерекшелігі:

1. Пән мазмұнының спиралді қағидатпен берілуі. Яғни пән мазмұны қарапайымнан күрделенуі;

2. Блум таксономиясы бойынша оқу мақсаттарының иерархиясы;

3. Бір білім беру аясындағы және пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру мақсатында «ортақ тақырыптардың» берілуі;

4. Оқу үдерісін ұзақ мерзімді, орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлар арқылы ұйымдастыру;

5. Оқытудың тәрбиелік әлеуетін арттыру, оқушының адамгершілік-рухани қасиеттерін қалыптастыру;

6. Білім беру деңгейлері аралығында пән бойынша сабақтастықты ескеруге мүмкіндік беретін толық оқу курсы бойынша педагогикалық мақсат қою;

7. Бөлімдердің мазмұны мен ұсынылған тақырыптардың уақыт талабына сәйкес келуі, әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруға назар аударылуы;

8. Оқытудағы жүйелі-әрекеттік ұстаным (оқушының білім алу үдерісіне белсенді қатысуы). [2]

Жаңартылған білім беру бағдарламасының негізгі міндеттерінің бірі оқу мақсатына жету үшін критериалды бағалау жүйесін енгізу. Критериалды бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі алдын-ала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығының көмегімен өлшенеді. Бұл бағалау түрі оқушылардың үлгерімі сыныптастарының үлгерімімен салыстырмалы түрде бағаланатын нормаға негізделген бағалаудан ерекшелінеді. Оқушылардың пән бойынша үлгерімі екі тәсілмен бағаланады:

1. Қалыптастырушы бағалау.

2. Жиынтық бағалау.

Жиынтық бағалау белгілі бір оқу кезеңінде оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру деңгейін тіркеу, анықтау үшін жүзеге асырылады. Жиынтық бағалау тоқсан барысында, тоқсан соңында, және білім беру деңгейін аяқтағанда жүргізіледі. Жиынтық бағалау бойынша ұпай қойылады. Баға туралы шешімді мұғалім бағалау критерийлеріне сәйкес қолданады. Әр білім алушының жұмысы бойынша дискрипторлар немесе ұпай қою кестелері көмектеседі.

Оқушылардың жетістіктерін критериалды бағалау әдісі көптеген шет елдерде кең таралған, өйткені бұл технология барынша шынайы, нақты және валидті болып табылады. Критерийлер арқылы бағалау оқушыларды оқу тапсырмаларын барынша сапалы орындауға ынталандырады, білімін тереңдетіп, кеңейтеді, осылайша, оқушылардың ойлау қабілетінің деңгейін көтереді және олардың психикалық үдерісіне ықпал етеді. Сонымен қатар оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау оқыту, оқу және бағалаудың өзара тығыз байланысына негізделген және оқу үдерісін ұйымдастыруға бірыңғай көзқарасты қамтамасыз етеді (Бойл және Чарльз, 2010). Бұл бағалаудың барлық элементтерінің арасында теориялық негіздеме және өзара байланыс болуын қажет етеді (оқу мақсаттары, түрлері, құралдары және бағалау нәтижелері), бұл тәсілдің практикалық маңызы мен төмендегідей артықшылықтарын көрсетеді:

- ✓ оқушының жеке тұлғасы емес, оның орындаған жұмысы бағаланады;
- ✓ оқушының жұмысы оларға алдын ала белгілі бағалау критерийлері бойынша бағаланады;
- ✓ баға оқушылардың нені оқығанына қарай қойылады, себебі бағалау критерийлері нақты оқу мақсаттарын сипаттайды;
- ✓ баға қоюдың нақты алгоритмі оқушыға белгілі, соған сәйкес оқушы өзінің оқу үлгерімін өзі анықтап, ата-анасына хабарлай алады;
- ✓ оқушылардың өзін-өзі бағалауға және оқуға деген ынтасы артады.

Бағалау ағымдағы және қорытынды оқу кезеңдерінде оқушылардың үлгерімі жайлы ақпарат беретін білім беру үдерісінің маңызды бөлігі болып табылады. Бағалау тәсілдері пәннің мазмұны мен критериалды бағалаудың түріне сәйкес өзгешеленуі мүмкін.

Қалыптастырушы бағалау оқудың бір бөлігі болып табылады және оқу үдерісінің өн бойында жүргізіледі. Қалыптастырушы бағалау арқылы мұғалім:

- ✓ оқушының оқуда қаншалықты «ілгерілегенін» айқындай алады, өзінің оқыту әдіс-тәсілдеріне өзгеріс енгізу қажеттілігін талдайды;
- ✓ қандай бағалау тәсілдері оқудың жақсы жүзеге асып жатқанын анықтауға мүмкіндік беретінін шешеді;
- ✓ қолданылған бағалау әдістерінің тиімділігін зерттейді және салыстырады;
- ✓ оқушылардың оқуы жайында барынша мол ақпарат алады, мысалы, ауызша сауалнамалар, оқушылардың топтық әрекеттері, тапсырманы өз бетінше орындау, тақырыптық зерттеулер, рөлдік ойындар ұйымдастыру және оны қадағалау арқылы.

Мұғалім оқушылар мен ата-аналарға кері байланыс бере отырып, оқушыларға пәнді меңгеру мен түсінуде көмекші болу арқылы олардың оқудағы алға ілгерілеуді қадағалайды, сонымен қатар бағалау критерийлеріне сәйкес объективті көзқарасты ұстана отырып, оқушыларды оқуға ынталандырады.

Оқушыны дамытуда қалыптастырушы бағалаудың мәні зор, сондықтан ол оқу үдерісіне қатысушылардың барлығына түсінікті де анық, оқушыны жетістіктерге ынталандыратын сипатта болуы тиіс.

Жиынтық бағалау оқушының жазбаша тапсырманы, емтихан немесе жобаны өз бетінше орындауын бақылау арқылы жүзеге асады. Оқушының кез келген жиынтық

немесе қорытынды жұмысы өзге біреулердің қатысуынсыз орындалады және белгіленген оқу мақсаттары мен бағалау критерийлеріне сәйкес бағаланады. [3]

Оқушылардың оқудағы жетістіктерін критериалды бағалау тәсілі оқушылардың жетістіктерін оқытудың белгілі бір кезеңінде меңгеру қажет біліммен салыстыруға мүмкіндік береді, өйткені мұғалім оқушының қандай оқу мақсаттарын меңгергенін, ал қай мақсаттар бойынша жұмысты жетілдіру қажет екендігін бағалауы тиіс. Осы арқылы оқушыны оқытудың дербес бағыт-бағдары немесе оқушылардың оқу жетістіктері бағаланады.

Бағалау үдерісін зерделеу өзектілігінің көптеген себептері бар. Зерттеулер мұғалімдер оқушыларды бағалауда басшылыққа алатын нақты, ғылыми дәлелденген ережелердің жоқтығын көрсетеді. Осылайша оқушыларға баға қоюдың жүйсіздігі байқалады. Бұл оқушыларды қорғансыз жағдайға қойып, оқушының МЕН-тұжырымының төмендеуіне немесе өзіндік бағасын жоғарылатуына жол берді (Ананьев Б.Г., 1980).

Адамның тіршілік әрекеті көптеген факторларға тәуелді: білімділік (қабылдауын, өңделетін материал көлемі), психологиялық (уәж, оқушылардың жеке тұлғалық ерекшеліктері), педагогикалық (әдіс-тәсілдерді таңдау), эмоциялық (алаңдаушылық деңгейі), адамгершілік (бірмәнді, нақты, анық, қатаң, икемді тәсілдер), т.б. Бағалау үдерісінде барлық факторлар бір-бірімен байланысты болып, бірін-бірі толықтырады. Білімділік немесе педагогикалық факторларды ғана жеке бағалауға болмайды, себебі басқа факторлар да оқу нәтижелеріне немесе бағалауға әсер ете алады. Баға оқушылардың білім, білік-дағдыларын әртүрлі критерийлер бойынша бағалау нәтижелерінен құралады, мысалы, зерделенетін материалдың көлемі, осы материалды түсіну және қолдану, материалды пәннің талабына сәйкес рәсімдеу, материал бойынша жазу жұмысына берілген уақытты пайдалана білу, т.б.

Бағалау үдерісін ұйымдастыру үш кезеңнен тұрады:

Тапсырма әзірлеу барысы бірнеше кезеңдерден тұрады:

1. Жоспарлау (бағалауға арналған тапсырманы әзірлеу мақсаты мен міндеттерін айқындау, қажетті құжаттарды анықтау)

2. Құрастыру(оқу бағдарламасын, спецификацияны қолдану, бағалау критерийлерін белгілеу, тапсырма құрастыру)

3. Сараптама жасау (тапсырманың сапасын талдау, материалды қайта қарау, өзгерту енгізу)

4. Қолдану (тапсырмана белгіленген уақыт пен жағдайға сәйкес қолдану)

5. Талдау (нәтижеге шолу жасау, кері байланысты ескеру, өзгерту енгізу).

Токсандық жиынтық бағалау: спецификация

✓ Токсанды аяқтау бойынша бағалау рәсімдерінің мазмұны мен құрылымына қойылатын талаптарды анықтайтын құжат.

✓ Бір параллельдегі барлық сыныптар үшін бірыңғай талаптар белгіленеді.

✓ Тапсырманың мақсатын, күтілетін нәтижесін, деңгейін, орындау уақытын, құрылымын, сипаттамасын анықтайды.

✓ Тапсырмалар мен балл қою кестесі үлгілерінен тұрады.

Бөлім бойынша жиынтық бағалауға арналған тапсырма әзірлеу

✓ оқу бағдарламасынан бөлім /ортақ тақырып бойынша оқу мақсаттарын іріктеу;

✓ оқу мақсаттарына сәйкес бағалау критерийлерін анықтау, ойлау дағдыларының деңгейлерімен сәйкестендіру;

✓ ойлау дағдыларының деңгейлеріне сәйкес келетін тексерілетін критерийлердің, оқу мақсаттарының мазмұнын қамтитын тапсырма дайындау;

✓ әр тапсырмаға дескрипторлар құрастыру;

✓ білім алушыларға, олардың ата-аналарына жиынтық бағалау нәтижелерін ұсыну үшін бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалауға рубрикалар құрастыру (бағалау критерийлерінің деңгейлерге сәйкестігін сипаттау)

Қорыта айтқанда, жаңартылған білім беру бағдарламасының мәні, оқушының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру. Оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімін шынайы өмірлік қажеттіліктерге асыра білуі керек. Сол үшін де ұстаздарға үлкен жауапкершілік міндеттелді. Оқушылардың бойына ХХІ ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдер тынымсыз еңбектену керек.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан жолы- 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ», 17.01.2014 ж.
2. «ҚР Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы», Астана, 2010 ж.
3. «Қазақстан тарихы» әдістемелік журнал. №10, 2018 ж.

ИННОВАЦИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ОҚЫТУ МЕН ТӘРБИЕНІҢ НЕГІЗГІ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ

Білісбекова Динара Білісбекқызы,
оқытушы,
Мырзағалиева Айнур Балгабайқызы
Оқытушы, магистр
Н.Құлжанова атындағы Торғай
гуманитарлық колледжі
Арқалық қаласы

Аннотация

Қазақстандық білімді әлемдік деңгейге ықпалдастыруда жаңа білім беру жүйесінің нәтижелі болуында мұғалімнің инновациялық іс-әрекеті ерекшеленеді.

Аннотация

Инновационная деятельность учителя отличается от эффективности новой образовательной системы в интеграции казахстанских знаний на мировой уровень.

Abstract

The innovative activity of the teacher differs from the effectiveness of the new educational system in integrating Kazakhstan's knowledge into the world level.

Түйінді сөздер: Инновациялық іс-әрекет, ғылыми ізденіс, капитал, рухани адамгершілік, құзыретті, талдау, түзету.

Ключевые слова: Инновационная деятельность, научные исследования, капитальные, духовные нравственные, компетентные, аналитические, коррекционные.

Keywords: Innovative activity, scientific research, capital, spiritual moral, competent, analytical, correctional.

Қазіргі дамыған елдер инновациялық идеялармен дүние жүзін жаулап келеді. Бүгінгі күні өмірімізге дендеп еніп, қолданысы кеңейе бастаған «инновация» термині ауыз екі тілде ғана емес, қоғамдық қарым-қатынаста кеңінен қанат жайып келеді. «Инновация» ағылшын тілінен аударғанда «жаңалық енгізу, жаңашылдық» деген ұғымды білдіреді. Басты мәні бұрын болмаған жаңалық, қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандырудың жаңа әдісі деген түсініктеменің жиынтығы.^[1]

МАЗМҰНЫ

СОДЕРЖАНИЕ

ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ ПРАКТИКАСЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ ТӘЖІРИБЕСІ

ОПЫТ ПРИМЕНЕНИЯ ИННОВАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ И МЕТОДОВ В ПРАКТИКЕ СОВРЕМЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Абдухалимов Д. К., Білімді меңгерту мен қорытындылауда Kahoot қосымшасын қолданудың тиімділігі.....	3
Абишева А. М., Развитие лексико-терминологического аппарата учащихся с помощью стартеров.....	6
Адильханова Л. О., Хамилин Е.А., Жаңартылған білім мазмұн заманауи, рухани дамыған оқушыларды оқытудағы мұғалімдердің кәсіби шеберлігі.....	9
Аканбаев Б. Н., Дюсеков Н. А., Жоғарғы білім беру саласында суретшілермен серіктестік орнату мәселесі.....	14
Ақбарова Р. Г., Наженова М. А., Применения инновационных технологий на уроках английского языка.....	19
Ақылбекова Л. Б., Аубакирова Т. У., Бастауыш сыныптың қазақ тілі сабағында «Дамыта оқыту технологиясы» арқылы оқушылардың қабілетін дамыту жолдары....	21
Ақышева Б. Ж., Айнабекова А. С., Заманауи білім беру практикасында инновациялық технологиялар мен әдістерді қолдану тәжірибесі.....	25
Алёшина И. А., Диалог на уроке – эффективный способ развития критического мышления.....	30
Аликулова М. С., Асанова К. И., Алиева Ж. Ш., Қаптан белгішелері арқылы мәтінмен өздігінен жұмыс жасау дағдысын дамыту әдістері.....	34
Альдикенова А. А. Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша оқытудағы жаңа әдіс-тәсілдер.....	39
Амантаева А. Б., Бухметова А. А., Использование инновационных методов изучения философии.....	43
Амиркулова Н. С., Сапакова Ж. М., Мамырбаева А. К., Внедрение обновленной программы содержания образования в практику.....	46
Андреева С. Н., Применение электронного сопровождения на уроках физической культуры.....	49
Асанова А. Б., Унгутбаева Г. Ш., Кинжибаева А. С., Использование инновационных технологий на занятиях по английскому языку с целью повышения мотивации к его изучению.....	52
Асканбаева Г. Б., Доспулова У. К., Решение задач повышенной трудности по геометрии.....	56
Аслямова Р. Г., Система применения инновационных технологий и методов в практике преподавания истории Казахстана в коррекционной школе.....	59
Астахова Л. В., Даус Е. В., Елькина Н. М., Традиционные и инновационные приёмы обучения детей каллиграфическому письму как условие повышения грамотности младших школьников.....	63
Асылханова Г. А., Досбаева А. С. Продуктивное использование новых технологий в практике современного образования.....	65
Ахметбекова Б. Р., Нұрқанова М. Д., Елекеева С. А., Инновациялық әдіс-тәсілдердің оқыту үрдісіндегі тиімділігі.....	68

<i>Ахметжанова Б. Ж., Байдалинова С. Н.,</i> Создание условий для получения инклюзивного образования.....	72
<i>Байгалиева А. А., Жакупова Б. К., Исмаилова С. Ш.,</i> Қалыптастырушы бағалау негізінде оқушылардың тыңдалым дағдыларын дамыту жолдары.....	75
<i>Бадаева М. С.,</i> Оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін қазақ тілі сабақтарында қолдану.....	78
<i>Байменова А. А., Рахметова Г. М., Соловей Т. Ю.,</i> Опыт применения технологии индивидуализации и уровневой дифференциации в современном образовании.....	82
<i>Баймуханова Г. А.,</i> Заманауи білім беру практикасында инновациялық технологиялар мен әдістерді қолдану тәжірибесі.....	86
<i>Байшугулова Б. К., Аубакирова К. Е., Жумагулова Т. С.,</i> Заманауи технологиялардың педагогикалық процесте пайдаланудың тиімділігі мен ерекшеліктері	90
<i>Бактыгалиева А. К., Лопарева Ю. В., Усенова Г. Р.,</i> Профессиональный подход в развитии музыкальной одаренности на занятиях вокального ансамбля.....	94
<i>Бармина А. Ю., Станишевская Г. А.,</i> Уровневая дифференциация на уроках – путь к творчеству, знаниям, сотрудничеству.....	98
<i>Батура Л. В., Бабаченко Л. П., Курманбаева И. С.,</i> Технологические приемы работы с интерактивными досками.....	102
<i>Бородина Н. С.,</i> Формирование новой модели сознания и мышления старшеклассников на уроках истории в свете задач программы «Рухани жаңғыру»..	106
<i>Бейсенова С. А.,</i> Тарих сабақтарында «Биоақпарат және синергетика» технологиясын пайдалану тиімділігі.....	109
<i>Бекентаев С. Ж.,</i> Тарих сабағында жаңа технологияларды пайдалану.....	114
<i>Бекмұхамбетова С. Қ.,</i> Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында «Сатылай кешенді талдау» және эвристикалық жобалау технологиялардың қолданылуы.....	117
<i>Беркімбай Р. Ә.,</i> Информатика мен математика арасындағы пәнаралық байланыстарды жетілдіру.....	121
<i>Бикенова Ш. Х., Жаманова Г. К., Кошанова Г. Б.,</i> Заманауи білім беру жүйесінде бағалаудың тиімділігі мен ерекшеліктері.....	125
<i>Білісбекова Д. Б., Мырзагалиева А. Б.,</i> Инновациялық білім беру жүйесіндегі оқыту мен тәрбиенің негізгі тенденциялары.....	129
<i>Брагина Т. М., Брагин Е. А.,</i> Опыт применения инновационных технологий в повышении образовательного и воспитательного потенциала молодежи через деятельность студенческих клубов.....	132
<i>Вартаньян Г. В.,</i> Как использование дифференцированных заданий влияет на уровень обученности.....	136
<i>Васильева О. М.,</i> Английский язык в рамках обновления содержания среднего образования Республики Казахстан.....	140
<i>Василькова Н. А.,</i> Проектирование педагогической технологии на основе структурно-функционального инварианта педагогической деятельности.....	143
<i>Винникова Л. В., Жуламанова Д. А.,</i> Информационно-коммуникационные технологии на уроках русского языка и литературы как инструмент деятельности современного учителя.....	149
<i>Гевел Н. В.,</i> Опыт применения технологии развития критического мышления на уроках биологии в рамках современного образования.....	152
<i>Гливина Е., Бактыгалиев А. К., Сагумбаева А. С.,</i> Практическая деятельность обучающихся как фактор развития профессиональной компетентности будущих специалистов.....	156
<i>Гурина М. Р., Бургард М. С.,</i> Опыт внедрения системы дуального обучения в лисаковском техническом колледже.....	161
<i>Данильченко Г. И.,</i> Использование кейс-технологии в процессе обучения будущих учителей начальных классов.....	165